

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 197ая Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 141-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

реттік нөмірі 2-жолда "424" деген сандар "1000" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6-жолдың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Есептеу-бақылау маркілері (бұдан әрі - ЕБМ) үшін жабдықтар, оның ішінде ЕБМ үшін дерекқор жүргізуге арналған 35 бірлік жабдық, 93 бірлік дерекқорға қолдау көрсетуге арналған жұмыс орындарын, 102 бірлік ЕБМ-ді тексерудің жұмылдыру орындарын, PDF кодын енгізудің 33 орнын, 33 дана термобастиегін, 18 дана ЕБМ-ді автоматты түрде енгізуге арналған жабдық (аппликаторлар), бағдарламалық қамтамасыз ету, сатып алу, жеткізу және орнату, қосалқы бөлшектер, 2000 дана рибон, 3000 дана ЕБМ-нің түпнұсқалылығын бақылау приборын, Қазақстан Республикасының аумағында алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын бақылаудың тиімді жүйесін енгізуге арналған ЕБМ сатып алу";

2) көрсетілген қаулыға 144-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесі 5-бағанының 6) тармақшасында "850000" деген сандар "3522098" деген сандармен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулыға 147-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің реттік нөмірі 3-жолы 5-бағанының он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің ақпараттық жүйелері үшін 9 дана орталық және облыстық деңгейдегі серверлер сатып алу".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК